

ӘОЖ 37.035:374.3

*Ерғалиев А.С.*

*«Биология және экология» кафедрасының доценті,  
М.Өттемісов атындағы БҚМУ*

## **ЖАСТАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ РӨЛІ**

Тәрбие – қоғам мәдениетін жасаушы, әрі сақтаушы, әрі оны келер үрпакқа жеткізуші басты құралдардың бірі. Сонымен бірге, тәрбие беру арқылы тұлғаның іштей түлеуіне мүмкіндік бере отырып, оны рухани құндылықтарды жасауға, насихаттауға жетелейді.

Сондықтан, жеке тұлғаның рухани және жан-жақты дамуының кайнар көзі білім мен ғылымды, тәрбиені қоғам талабына сай дамыта отырып, жас үрпақ бойында имандылық, адамгершілік касиеттерді қалыптастыру басты міндет болып есептеледі.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту» тұжырымдамасы білім берудің мақсат-міндеттері мен мазмұны ізгіліктік, рухани-адамгершілік пен демократиялық идеяларға негізделген мемлекетіміздің білім беру саясатын айқындаиды.

Адам – адамзаттық, даналық болмысын өз бойына жинақтаған тіршілік иесі. Ал тіршілік иесі - әлемдегі сан алтуан халықтың, мемлекеттің, этникалық немесе әлеуметтік топтардың, адамдардың ортақ белгілері мен ұқсастықтарын біріктіретін жалпы адамзаттық құндылық түзетін пенде. Адам – жер бетіндегі тірі ағзалардың ең жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекет пен қарым-қатынас, мәдениеттің субъектісі. Адамның іс-әрекеті, сезімі мен ойлау ерекшеліктері оның өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайларына тәуелді болады. Осы ұғым XXI ғасырда жер бетіндегі бүкіл адамзаттық тұластық идеясына айналуда.

Адамдарға өз өміріне қанағаттануы үшін тек тойынған тіршілік аз, одан адам өзін адам деп сезінбейді еken. Өзін шын адам деңгейінде сезінуі үшін, толық адамдық қанағаттанғандық көңіл-күй үшін ол биологиялық қажеттіліктерден жоғары жатқан әлемде тіршілік еткенді қалайды. Руханилықтың шығу көзі осында. Адам қоғамы пайда болғаннан бастап, оның мүшелерінің мінез-құлық, мұдде, тілек, т.б. жақтан бір-бірімен санасуға тұра келгені анық.

Бұл қажеттілік әрі қарай адамдардың отбасылық, қоғамдық, діни және салт-саналық парыз-міндеттерін орындауымен үштасқан. Біздің бұгінде әдеп-инабат нормалары деп жүргеніміз, сайып келгенде, адамдар арасындағы осынау күрделі өзара қарым-катастыарды жарасымдылық, сыйымдылық, қолайлыштық, жағымдылық, ұнамдылық, яғни, адамгершілік-имандылық түрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады. Осыларды тұтас күйінде атайдын әдеп ұғымы философия ғылымының адамгершілік құлық жөніндегі саласы – әдептанудың (этика) арнайы зерттейтін пәніне айналды. Бұл термин (этика – ethika грекше etnos «ғұрып» деген сөзінен шыққан) тұңғыш рет осы мағынада ғылымға ежелгі заманың ұлы философы Аристотель тарапынан енгізілген.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда маңызды тәрбиелік міндеттер: біріншіден, рухани-адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты жалпы адамзаттық құндылықтардың өмірге еркін ене бастауы; екіншіден, жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар, ұлттың өз мәдениетін менгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастық рухта басқа ұлттармен бейбітшілікті сақтау; үшіншіден, оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани-адамгершілік пен руханилықты берік орнықтыру.

Адам әрдайым болып жатқан құбылыстарды (саяси, рухани-адамгершілік, эстетикалық және т.б.) бағалауға, міндет қоюға, шешімін іздең, табуға, оны жүзеге асыруға мәжбүр. Адамның коршаған ортаға (қоғамға, табиғатқа, өзіне) көзкарасы екі жақты белгіленеді: практикалық және теориялық. Практикалық және теориялық көзкарастардың байланысын аксиологиялық (грек. axia - құндылық және logos - ғылым) немесе құндылықты түрғы жүзеге асырады. Ол, бір жағынан құбылыстарды зерттесе, екінші жағынан қоғамды ізгілендіру міндетін атқарады. Аксиология адам құндылығының өзегін құрайды.

XI ғасырдың аса көрнекті ойшылы, философы Ж.Баласағұн рухани адамгершілігі мол адамды «антына адал, уәдесіне берік, адам – өз бақытының қожасы. Бұл үшін ол өз бойына рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып отыруы тиіс» деп сипаттайды. Ж.Баласағұн сонымен қатар адамның сезім дүниесіне, эмоциональдық көңіл-күйіне де ерекше көңіл бөледі. Жақсы адамдардың басты сипатының бірі, сезімталдық, ішкі рухани

өмірінің әсемдігі, жан дүниесінің сұлулығы. Адам өзінің ақыл-парасатымен қатар сезім дүниесін де билеп игеруі керек, яғни ол өз көніл-күйінің де қожасы, сүлесөк, көнілсіз сезімді адам – бұл әлде де болса тәрбиесі жетіспеген адам. Осындай кемшіліктерден адам бір өзі жапа шекпей, өзін қоршаған адамдар алдында да айышты болып «саналады», -дейді. Бұдан Ж.Баласағұнның адамзат баласының шынайы рухани-адамгершілік міnez-құлқының ақыл-ой, сезімімен үйлесім табуын қарым-қатынас барысында жеке адамның өзін-өзі ұстай білуіне, міnez-құлқына байланысты болады деген пікірде болғанын байқауға болады.

XVI ғасыр мен XVII ғасырдың аралығындағы жаңа педагогиканың негізін қалаушы, ұлы чех педагогы Ян Амос Коменский (1592-1670) жастарды тәрбиелеуде үлкен қызмет аткарды. Оның «Ұлы дидактика» еңбегінде ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесінің мәселелері қарастырылған. Я.А.Коменский көзқарасының жаңа бағыттарына қайта өркендеу дәуіріндегі ізгіліктіктең әсері күшті болды. Коменский ортағасырлық мектеп тәртібіне қарсы шығып, мектеп балаға сүйіспеншілікті, адамгершілік жақсы қасиеттерді тәрбиелейтін «адамгершіліктің шеберханасы» болуға тиіс деген көзқарасты ұсынды. Я.А.Коменский: «...мектеп – адам ақылының шындалатын шеберхана сияқты орны және оқушылардың адамгершілігін, ақылын тәрбиелеудегі білім мен оқытуды ұйымдастыратын орталық», дей келе, «...адамгершіліктің аса тамаша ерекшеліктерінің бірі – эгоизмнен арылу, көпшілік ісінің сәттілігі және әділеттілік үшін әрекет ету керек» деген құнды үлкен пікірін калдырды. Я.А.Коменский балалар мен жастар міnezінде ерлік, өзін-өзі билеу, кішіпейілділік, сыпайылық, еңбексүйгіштік сапаларды тәрбиелеуді талап етті.

Құндылық – адам өмірінің бағыт-бағдарын анықтайтын рухани күш. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «рух» – «жан дүниесі», кейде «жан» атауының баламасы ретінде қолданылады. Бұл екі түсінікті адамның дене және сана еңбегінің тұтас көрінісі деп белгілейді. Діни философиялық метафизикада «жан» және «рух» түсініктерінде онтологиялық-космологиялық мағына берілген.

Руханилық – адам танымы мен дүниеге көзқарасының адамаралық қарым-қатынастағы биік рухани-адамгершілік қағидасы. Руханилық мәдениеттің құнарлана түсінен, іргетасы бекуіне ықпал етеді. Руханилық - жеке адамға да, үлкен әлеуметтік топтарға да қажет құбылыс ретінде кез келген мәдениетті жаңғырта

түсетін, болашаққа жылжуына іргетас болатын ішкі мәндік зандылықтар жиынтығы. Руханилық бар жерде адамдардың бір-біріне құрметі, ізгілік қатынастары қалыптасады. Эр түрлі салаларда кәсіби деңгейі жоғары кез келген шебердің туындысы руханилық негізде жасалуы, жалпы қоғамның әлеуметтік дамуы мен рухани жетілу жолына тұсу үшін қажет. Ондай іс-әрекеттің нәтижелері қомақты дүниелерге айналып, рухани мұра ретінде қызмет атқарады. Мәселен, Қорқыттың, Құрманғазының қүйлері, Абайдың өлеңдері мен қара сөздері, қазақ билерінің шешендік сөздері руханилықтың тарихи үлгілері болып табылады. Халық армандаған тұлғалық бейнелерді фольклорда, аныз әнгімелерде руханилық кемелденген кейіпкерлер түрлерінде көрініс беріп отырады.

«Руханият» сөзі – «рухани ниет» деген сөздің қосындысы. Рухани ниетте болу, рухани іздену, рухани жұмыс істеу, рухани ләzzат табу дегенге қоса, халықтың ғасырлар бойы, жиған рухани мұрасы, рухани дүниесі, рухани өнер-білімі секілді мағынаға ие. Рухани ниеттегі адам үшін жалған дүниенің аз мөлшері қанағат еткізеді, өйткені оның аштығы рухани дүниеге арналған.

Қазіргі танда мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселесінде адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін танып, дамытып, жетілдіру бағытында ізденістер жүріп жатыр. Мәселен, казақстандық ғалымдар білім мен тәрбие беруді дамытуда жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын ғылыми-теориялық, әдіснамалық бағытта әр қырынан зерттеу жүргізіп келеді. Олар Қ.Б.Жарықбаев, А.А.Бейсенбаева, С.А.Ұзақбаева, Қ.Қ.Жампейсова, С.Қ.Қалиев, Р.К.Төлеубекова, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, Ж.Наурызбай, Т.Сламбекова және т.б. Аталған ғалымдардың ортақ ойлары: адамның кісілік келбеті, соған лайықты бола білу, адамның табиғатпен, әлеммен үйлесуі, халықтың дәстүр, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеруді негіздеу. Педагог-ғалымдар қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жас ұрпақты өмірге белсенді араластырып қана қоймай, сонымен бірге олардың әлемдік өркениеттен сузындауын да көздейді деп зерделейді.

Енді «құндылық» ұғымының қалыптасуына тоқталатын болсақ, казақ тілінің түсіндірме сөздігінде: құндылық – нарқы жоғарылық, кымбаттылық, бағалылық деп сипатталған. Құндылық арқылы сол

заттың маңызын, мәнділілігін, пайдалылығын, қажеттілігін, керектілігін білуге болады (Каплиева123).

Құндылықтар мәселесін зерттеген қөптеген еңбектер белгілі: С.Ф.Анисимов, В.Ю.Салов, Л.М.Фридман, Н.Ю.Кулагина, В.А.Сухомлинский, Х.Маданов, Э.А.Урунбасарова. Бұл еңбектерде құндылық мәселелерінің мәні мен табиғатына және тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлінген.

Рухани-адамгершілік даму – жеке тұлғаның тәрбиеге, әлеуметтік ортаға, жеке тәжірибесі мен өзін-өзі тәрбиелеуіне байланысты адамгершілік тәрбиелілігінің жетілу деңгейі. Тәрбие жүйесінің тиімділігінің аса маңызды көрсеткіші баланың адамгершілік жағынан жетілуі, оның рухани-адамгершілік қасиеттерінің елеулі өзгеруі болып табылады. Жетілгендік балалардың дағдылы және құрделі жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлқының тұрақтылығынан, мінез-құлқының ересектер бакылауынан біршама тәуелсіздігінен, өз әрекеттерінің адамгершілік түрғыдан қандай болатынын алдын ала болжап білуден іштей бакылауы – ожданының пайда болуынан, әрекеттерінің моральдық жағын, өзінің адамгершілік қасиет иесі екенін түсіне білушіліктен көрінеді. Адамгершіліктің дамуы – тәрбие жүйесінің жемісі. Бұл жүйенің жемісі – тәрбие жұмысының пәрменділігі.

Рухани-адамгершілік тәрбие беруде жеке тұлғаның әлдебір әрекетке баруына тұрткі болатын сенімді туғызатын сана мен мінез-құлық қалыптасады. Олар өз кезегінде түрлі іс-әрекеттер арқылы көрініс тауып, тұлғаның өз қызметінде тікелей басшылыққа алынып отырады. Мұндай іс-әрекеттер мен себептер әрбір тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарының сапасын ашып көрсетіп отырады.

Әмірлік маңызы бар мәселелерді шешуде, жеке тұлғаның коғамға (идеялық, ұжымдық, интернационалдық, отаншылдық), еңбекке және оның нәтижелеріне (еңбекқорлық, тәртіптілік, ұқыптылық), өзіне және басқа да адамдарға (адалдық, мейірімділік, принциптілік, табандылық) деген өзіндік көзқарасын айқындайтын моральдық құндылықтарынің болуы айрықша маңызға ие болады.

«Жаным - арымның садағасы» деп халық айтқандай, жанды жүдептей, дүниежүзілік рухани қазынаны бойға сініруге ұмтылу – парыз, дүниені ұстап тұрған тіршіліктің алтын діңгегі үлкен рухани-адамгершіліктің иесі болу – парыз. Балаға қойылатын басты талап – асыл да ізгі рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына

сінірген, ұлағатты азamat болып шығу. Өйткені, адам өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты.

Бүгінгі күндегі оқушы бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұнын төмендегідей сипатта карастырамыз:

- оқушы жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен жеке қазақ халқына тән ұлттық құндылықтарды анықтап тануға, одан қажеттісін ала білуге бағдарланған, ғаламдық қол жеткен ғылыми жетістіктерді өздігінен білім алу үрдісінде қолдануға, жаңашыл, қайырымды, туған елін, жерін, отбасын, Отанын, мектебін сүйетін және олардың алдында парызын түсініп, бар құндылықтарды толықтыра түсетін, табиғатты, өсімдіктер мен жан-жануарларға камқор болуы керек;

- оқушы еңбек етуге қабілетті, жинақы, ұқыпты, іскер, өз қажеттілігіне орай болашақ мамандығын таңдаған, жауапкершілігін түсінетін, өзіне-өзі қызмет етуге дағдыланған, уақытты тиімді пайдаланатын, қоғам-адам өміріндегі еңбектің орнын түсінген, жауапсыздықты, еріншектікті, табиғат байлықтарын рәсуә етушілерді жаны сүймейтін, оқу-тәрбие үрдісінде білім мен ғылым негіздерін сапалы игеріп, болашақ кәсіпкерлікті шығармашылық деңгейде тәрбиеленуі керек;

- оқушы дені сау, төзімді, шымыр, ширак, қайратты, сымбатты, талғампаз, батыл, өжет, салауатты, жүйкесі мықты, Отанын корғауға даяр, жеке бас гигиенасын сақтайтын, жұмыс орнын жинақы ұстайтын, зиянды әдеттерден аулак, салауатты өмір салтын калыптастыруға ұмтылатын, адамға тән жақсы қасиеттерді бойына сінірген әлеуметтік белсенді жеткіншек.

Олай болса, бүгінгі күні тарихтың әрбір тасын қалайтын келешек үрпағымыздың жаман қасиеттерден ада болып, бойындағы ең жоғары құндылық рухани-адамгершілік екенін ұғына отырып, өз алдарына сол құндылықтарды өркендетіп дамытуды мақсат етіп коя білу бүгінгі күннің өзегіне айналып отыр.

Сыныптан тыс жұмыс дегеніміз – оқушылардың сыныптан бос уақыттарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Бұл біртұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, олардың сабакта алған білім, іскерлік, дағдыларын дамыту. Сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып өткізу жолдары, әдістемесі, түрлері мен

формаларын Н.И.Болдырев, В.И.Фурсов және т.б. өз еңбектерінде атап көрсеткен. Егер сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқу процесімен үштастыру, бүкіл тәрбие жұмысының жүйесін дұрыс үйимдастыруға көмектеседі.

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабак жүйесінде ғана емес, сабактан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен үштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді. Оның бірі тәрбие сағаты сыныптан тыс жұмыстардың бір формасы болып табылады.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын, мұғалімдердің басшылығымен үйимдастырылған және сабактың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әр түрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. Сыныптан тыс үйимдастырылатын тәрбие жұмыстары мынадай мүмкіндіктер береді:

Біріншіден, оқудан тыс әр тарапты әрекет баланың сабакта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әр түріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлышының тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егер де балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бұгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Сондықтан бұл өте өзекті мәселеге айналуда.

Төртіншіден, сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге оқушылар ұжымында өмір сұруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді аткаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамкор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді. Тіпті оқудан

тыс әрекеттің қандай да бір түрі болмасын, танымдық, спорттық, еңбек, көғамдық пайдалы, оқушылардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін белгілі бір салада байытады, қорытындысында үлкен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Мысалы, балалар біргіп спектакль койды делік, онда өзара қарым-қатынас тәжірибесін менгереді. Сыныптың тазалығын ұжым болып атқарса, онда өзара міндеттерін бөлісу тәжірибесін менгереді. Спорттың әрекетте балалар «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген қағиданың маңызын жете түсінеді, т.с.с.

Бесіншіден, сынныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын тандауда еркіті болады. Бұл, бір жағдайда оған өзінің көзқарасы және сенімі түрғысында әрекет етуге мүмкіндік берсе, екінші жағдайда, оның жауапкершілігін арттырады. Бұған косымша, одан шығармашылық белсенделілікті талап етеді.

Алтыншыдан, сынныптан тыс тәрбие жұмысының нәтижесінде күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы. Себебі, онда тек жалпы жетістік пен оқушылардың жеке дара даму деңгейін бақылауға ғана мүмкіндік береді. Соған сәйкес қандай да бір форма немесе әдістің нәтижесін бірден анықтау ете киындықты туғызады. Мұндай ерекшелік сыннып жетекшісін табиғи жағдайда жұмыс жасауды, балалармен қарым-қатынаста немкүрайтылыққа жол бермеуді және оның нәтижесін бағалауда оларды шиеленіскең жағдайдың болмауын қажет етеді.

Жетіншіден, сынныптан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабактан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады. Сонымен қатар, оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылықтың өкілдері қатыстырылады.

Қазіргі тәрбиені ізгілендіру, мектепті демократияландыру, тұлғаға бағытталған көзқарас жағдайында тәрбие процесінің тек мақсаттылығы, мәні және мазмұны ғана өзгермейді, сонымен бірге тәрбиенің ұйымдастыру формасына тікелей қатысты оның әдістемесі де өзгереді. Ол өзімен бірге дәстүрлі формаларды қайта карау және қайта құруға, дәстүрлі емес формаларды шығармашылықпен іздестіруге ықпал етеді. Соңдықтан оқушылардың оқудан тыс әрекеттері нақты мақсатты көздейді – белгілі бір нәрсеге қатысты нақтылы қарым-қатынасты дамыту: музикаға, қылқалам (живопись), табиғат, кітап окуға, т.б. Осыған байланысты ұйымдастыру формасы тандалады. Олар: тәрбие сағаты, пікірталас, оқырмандар конференциясы, лектория, саяхат, мектеп балы, т.с.с. Содан кейін барып оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай, сыннып жағдайына байланысты нақтылы тақырып атаяуы анықталады.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру процесін жетілдірудің ең маңызды бағыты, оқыпуды қоршаған емір болмысымен, алеуметтік жағдайлармен, өндірістік немесе шаруашылық еңбекпен байланыстыра отырып, мектеп оқушыларының езін-өзі тәрбиелеге деген мұқтаждықтарын өз-өзіне қызмет көрсету және ездеріне лайық қоғамдық пайдалы енбекке араласуға деген ықыластығын оятуға ықпал етуге бейімдеп күру.

Мектептен және сыйыптан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұндық жүйесін, мектептік оқу-тәрбие процестерінің тиімділігін арттыруға бағытталап кайта күру, жас үрпаққа санағы тәрбие берудің алдағы міндеттерін шешуге бағытталған негізгі бағыттары, әдістері, бүгінгі мектеп өмірінде жүргізіліп жатқан реформаның стратегиялық бағдарламасының негізгі мазмұны болуы да сондықтан.

Мектеп оқушыларының мінез-құлықтық тәртібін, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық міндеттерді камтитын тәрбиелік іс-шаралардың мектептен, сыйыптан тыс формалары мен әдіс-тәсілдері сан алуан. Эр жастағы мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететін педагогикалық құралдары мен тәсілдерін максатты түрде анықтап, оның оқу, білім беру мазмұны мен тікелей байланысын, әсер ету деңгейін айқындаپ отыру - тәрбиеші ұстаз үшін маңызды іс.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Корнетов Г.Б. Становление и развитие воспитания в доклассовом обществе. М., 1988
2. Переломов Л.С. Конфуций: жизнь, учение, судьба. М., 1995.
3. Баймурзин М.И. Проблемы педагогики в научном наследии аль-Фараби// Изв. АН Каз.ССР, серия общ.наук.-1998, № 3.
4. Ж.Баласағұн («Құдатғы білік», XI ғ.),
5. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: алеуметтік философиялық талдау. Алматы, 2000.
6. Урынбасарова Э.А. Становление и развитие теории нравственного воспитания школьников Казахстана. –Алматы, 1999.
7. Караев А.М. Жастарға адамгершілік тәлімі. Алматы, 1989.

\*\*\*

*Одной из актуальных проблем сегодняшнего дня является образование и воспитание молодежи в соответствии с требованиями, обусловленными новыми взаимоотношениями в условиях социально-экономического преобразования общества.*

\*\*\*

*One of today's most relevant problems is education and the youth upbringing, according to the requirements caused by new interactions under conditions of the society's social-economical change.*